

2023-2024 оқу жылындағы гуманитарлық пән бірлестігі әдістемесінің жұмысына талдау

Елбасымыз атап көрсеткен жаңғырудың Үшінші кезеңіне көшуіміз жаһандық технологиялық бәсекелестігімізді арттырумен қатар, рухани-мәдени дамуымызға да серпін бергені анық. Ел бірлігін еселейтін мұндай тың бастамалар отаншылдық сезімін орнықтырып қана қоймай, тәуелсіздігіміздің тұғырын нықтай түсері хақ. Сондықтан, бүгінгі таңда еліміздегі әрбір азамат тілдік ортаны жетілдіруге, оның ішінде қазақ тілін қазақстандықтардың ортақ тіліне айналдыруға өз үлестерін қосуы керек. Мемлекеттік тіл – сол тілде сөйлейтін халықтың өткені мен бүгінгісін таразылап, болашағын баянды ететін өте маңызды мәселе. Елдігіміздің басты шарты, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының асқақтығымен өлшенетінін ескерсек, қазіргі жаһандану үдерісінде жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - ұлттық кодты сақтай білу де осы тіл құдіреті арқылы жүзеге аспақ. Бүгінде тіл саласының өркендеуіне мемлекет тарапынан айрықша қолдау білдіріліп, барынша жағдай жасалған. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында мектебімізде тілдің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған ісшаралар жоспары әзірленіп, жұмыс барысы жүйелі жолға қойылған. Зеренді аудандық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы өңірдегі тіл саясатын жүзеге асыру үшін бірнеше басым бағыттарды басшылыққа алып отырғандықтан, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту; өңірде үштілділікті дамыту; ономастикалық кеңістікті реттеу; көрнекі ақпарат тілін біріздендіру;

латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшу жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған.

Чаглинка станциясы негізгі орта мектебі мемлекеттік мекемесі бойынша мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында көптеген жұмыс атқарып жатыр. 2023 жылдың екінші жарты жылдығында аталмыш мектепте «Тіл-тұғырым менің» атты тілдер мерекесіне арналған онкүндіктің жоспары бекітіліп, сол бойынша көптеген іс-шаралар атқарылды. Әр сабаққа мемлекеттік тілді білудің арқасында жетістікке қол жеткізіп жүрген кейбір өзге ұлт өкілдері, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген құрметті азаматтар Вячеслав Вебер, Нестер Сергей сияқты тұлғалар қонақ ретінде шақырылып, оқушылармен диалогтар ұйымдастырылды. Демалыс күндері ұйымдастырылғандықтан бұл жобаға ата-аналардың да қызығушылығы артты. 2023 жылдың жылдың қараша айында ұмыт бола бастаған көнерген сөздерді жаңғырту мақсатында мектеп оқушылары арасында «Сөз-зерде» интеллектуалды ойыны өткізілді. Мемлекеттік тіл саясатын насихаттау мен оған ақпараттық қолдау көрсетуге бағытталған «Мәңгілік тіл» интеллектуалдық ойын өткізіліп, мемлекеттік тілге деген талпынысы бар оқушылардың жетістіктері насихатталды.

Сонымен қатар, желтоқсан айында мемлекетіміздің Тәуелсіздік мерекесіне орай, атажұртқа қоныс аударған қандастарымызды мектепке шақырып, ұмыт бола бастаған қазақ әндерінің шеруі өткізілді. Мектебімізде оқушыларды тілдік ортаға бейімдеп, қазақ тілінде жазу сауаттылықтарын арттыру мәселесіне де ерекше көңіл бөлудеміз. Әр тоқсан сайын мемлекеттік тілде мектеп оқушылары мен мұғалімдері

жаппай диктанттар жазуды қолға алдық. Бүгінгі таңда осы бағытта кешенді жұмыстарды жүргізу жолға қойылып отыр.

Алдағы жоспарымыз - латын графикасы негізінде стенд шығару. Мектептің құжат айналымындағы мемлекеттік тілдегі кіріс-шығыс құжаттарының үлесіне тоқсан сайын мониторинг жүргізу. Сараптама қорытындысы жалпы құжат айналымындағы қазақ тіліндегі шығыс құжаттарының үлесін анықтау. Сараптау-талдау жұмыстары көрсеткендей, мемлекеттік тілдің көрсеткіші қазақ тілін жақсы меңгерген ұстаздардың есебінен жүзеге асады. Чаглинка станциясы негізгі орта мектебі мемлекеттік мекемесінде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының орындалу барысын бақылау жұмысы жүргізіліп жатыр.

Үнемі күн тәртібінде тұратын маңызды мәселенің бірі ретінде мемлекеттік тілді іс қағаздар тіліне айналдыру мен құжаттамаларды мемлекеттік тілде ресімдеуді айтар едім. Нақты айтар болсам, тілге қойылатын талап мекеме қызметіне тікелей әсер ететіні анық. Сол себепті, Жалпы, құжат айналымын сауатты жүргізу білім беру саласынан басталады.

Былтыр республика көлемінде тұрындардың қазақ тілінде сауатты жазу дағдысын қалыптастыру мақсатында Қазақстан халықтарының тілдері күні қарсаңында бір мезгілде диктант алу жұмыстары ұйымдастырылып, оған мектептің 35 ұстазы, 80 оқушысы қатысқан болатын. Бір мезетте 115 тен астам адамнан диктант алынды. Биыл да сол дәстүрді жалғастырып, диктант алмақ ойымыз бар. Бұл жолы диктант тапсыру жұмысынан үздік деп танылғандарға сыйлықтар табысталатын болды.

Қасиетті сөз өнерін қадірлеп, тілді барынша насихаттап жүрген жастарға қолдау көрсету – ұлтымыздың рухани жаңғыруы мен отаншылдық қасиеттерін көтерудің бірден-бір жолы екені белгілі. Бұл қадам, болашақта көкжиегіміздің кеңейіп, рухани кемелдегіміздің артуының кепілдігі екені сөзсіз. Өркениеттің заңғар биігіне шығарар баспалдақ – ұлттық болмыс десек, сол ұлттық болмыстың бір ұшығы тілмен сабақтас. Қоғамдық сананы рухани тұрғыдан жаңартып, одан әрі жаңғырта түсу рухани қазыналарымызды, оның ішінде ана тіліміздің тұғырын одан әрі асқақтатып және оны ұрпақ кәдесіне жаратумен тығыз байланысты. Сондықтан, ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, оны өскелең ұрпаққа саф алтындай таза күйінде аманаттау бүгінгі басты міндеттеріміздің бірі. Тіліміздің қоғамдағы беделін нықтап, оның барлық саладағы белсенді қолданысын қамтамасыз ету үшін, жас дарындарды анықтап және оларға қолдау көрсету мақсатында рухани-мәдени, қоғамдық маңызды іс-шаралар, тіл мәртебесін көтеруге бағытталған түрлі байқаулар біздің мектепте де тұрақты түрде ұйымдастырылады. Әр жылда ұлы дана, ағартушы тұлғалардың, ақын-жазушыларымыздың мерейтойларына орай гуманитарлық бағыттағы пәндер шеруінде өткізу дәстүрге айналды. Мәселен, өткен жылдары Шортанбай жыраудың, Қаз дауысты Қазыбек бидің, Ахмет Байтұрсыновтың, Әбіш Кекілбаевтың мерейтойларына орай кітапханашы кеш ұйымдастырса, биыл Александр Затаевичтің 155 жылдығы, Бейімбет Майлинның, Тұрар Рысқұловтың, Сәкен Сейфулиннің, Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдығы, Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығы аталып өтпекші.

Қазіргі күнде ақпараттық – коммуникациялық және интерактивті технологияларды қолдану мұғалімнің кәсіби құзырлығын көтеруде. Мектебімізде

барлық сыныптарға компьютерлер интернет желісіне қосылған, бір модификациялық информатика кабинеті бар. Пәндер бойынша электронды оқулықтар компьютерлерге орнатылған. Мұғалімдердің алдында тұрған басты мақсат – ақпараттық – коммуникативтік технологиялары арқылы білім сапасын арттыру.

Мұғалімдер өткен оқу жылындағы олқылықтарды шешу бойынша аудандық және облыстық білім беру орталықтары ұйымдастырған вебинарларға қатыстып білімдерін жетілдірді. Республикалық Даму педагогикалық-психологиялық дамыту орталығы ұйымдастырған «Сандық білім беру мен қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы заманауи коммуникациялық технологиялар мен құралдар» тақырыбында біліктілікті арттыру курсына Б.Оспанова., Г.Аукарова Г.Жылқыбай қатысып сертификатталды.

Ақпанның 12-19 аралығында «Тіл-тірек» пән бірлестіктерінің апталығы болып өтті. Апталық барысында бірлестік мүшелері ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастырды. Апталықта қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің барлық қыры мен сырын таныған оқушылар өз білімдерін тереңдете түсті, сондай ақ алған білімдерін ашық сабақтарында, ойын түрінде өткізілген түрлі викториналарда, квест ойындары арқылы шыңдай түсті.

Ақпанның 12-19 аралығында «Тіл-тірек» пән бірлестіктерінің апталығы болып өтті. Апталық барысында бірлестік мүшелері ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастырды. Апталықта қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің барлық қыры мен сырын таныған оқушылар өз білімдерін тереңдете түсті, сондай ақ алған білімдерін ашық сабақтарында, ойын түрінде өткізілген түрлі викториналарда, квест ойындары арқылы шыңдай түсті.

Ақпан-мамыр айларында мектепішілік «Талапты ұстаздан-талантты шәкірт» тақырыбында ықшам жоба жүргізілді. Оған 5-9 сыныптағы оқушылар мен сол сыныптарда қазақ тілі пәні мұғалімдері қатысты. Жоба басында мектеп әкімшілігі жобаға қатысатын мұғалімдер мен оқушыларға түсінік жұмыстарын жүргізді.

Көктемдегі демалыста мұғалімдер арасында «Ықшам сабақ» ұйымдастырылды. Ықшам сабаққа жас ұстаздар өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Дарынды балаларды қоғамның ғылыми келешегі ретінде танып біліп, сенімділікпен қарау арқылы оқушының бойында ғылымға деген ізденісті толығымен қалыптастыру, баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту әрбір ұстаздың маңызды міндеті болып саналады. 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде І орын Омаров Ұлан иеленді. Аудандық «Табиғат тіршілік көзі» атты байқау Екпін Перизат сертификат, сонымен қатар республикалық оқырмандар байқауының аудандық кезеңінде ІІІ орын иегері. Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық олимпиадасында 6 сынып оқушысы Болат Рамазан І орынға иеленді, жетекшісі-Аукарова Г.Ж. Сондай ақ аудандық мұғалімдер арасында өткен дебат ойынында Аукарова Г.Ж. ІІ дәрежелі Дипломмен және де Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясының Алғыс хатымен марапатталды.

Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық олимпиадасы бойынша білім беру орталығының ұйымдастырылумен сәуір айында өткен 5-9 сынып оқушылары арасындағы олимпиадаға 20 оқушы қатысып 5 сынып оқушысы Мамбетов Нұрасыл

I орынға иеленсе, 6 сынып оқушысы Самоличенко Дарья II орынға иеленді, жетекшісі- Б.Оспанова.

I орын Бітібаева атындағы қазақ тілі олимпиадасы аудандық кезеңнен I орынды иемденген Серік Айым, облыстық кезеңде сертификатқа ие болды. Жетекшісі- Жылқыбай Г.Қ.

Аудандық арасында өткен вебинарда қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Б.Оспанова «Оқылым дағдысы арқылы білім алушыларды МОДО ға дайындау жолдары» тақырыбында баяндама оқыды.

Чаглинка станциясы негізгі орта мектебінде 2023-2024 оқу жылындағы қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша жылдық білім сапасының көрсеткіші 72 пайыздық көрсеткішке ие.